

"Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы

Қарағанды облыстық мәслихатының 2023 жылғы 22 маусымдағы № 64 шешімі

"Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және "Респубикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің кейбір нормативтік қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғары аудиторлық палатасының 2023 жылғы 24 ақпанды №8-НҚ нормативтік қаулысына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №31979 тіркелген) Қарағанды облыстық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Қоса беріліп отырған "Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

2. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыстық мәслихаттың төрағасы

Н. Кобжанов

Қарағанды облыстық мәслихатының

2023 жылғы 22 маусымдағы

III сессиясының

№ 64 шешімімен бекітілген

"Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесінің Ережесі

Осы Ереже "Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесінің мәртебесін, өкілеттіктерін жәнежұмысының ұйымдастырылуын айқындаиды.

1. Жалпы ережелер

1. "Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Тексеру комиссиясы) жергілікті бюджеттің атқарылуына сыртқы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады.

2. Тексеру комиссиясы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының зандарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, Тексеру комиссиясының Регламентіне, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жүзеге асырады.

3. Тексеру комиссиясы мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы занды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрлері мен

мөртаңбалары, логотипі, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Тексеру комиссиясы азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Тексеру комиссиясының егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Тексеру комиссиясы өз құзыретінің шегінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Тексеру комиссиясы Төрағасының бүйрықтарымен және Тексеру комиссиясының қаулыларымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Тексеру комиссиясының құрылымын Тексеру комиссиясының Төрағасы, төрт мүшесі және аппараты құрайды. Тексеру комиссиясының штат саны лимитін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

8. Тексеру комиссиясының заңды мекенжайы:

100009, Қарағанды облысы, Қарағанды қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 39 үй.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясы" мемлекеттік мекемесі.

10. Тексеру комиссиясы туралы ережені Қарағанды облысының мәслихаты бекітеді.

11. Осы ереже Тексеру комиссиясының құрылтай құжаты болып табылады.

12. Тексеру комиссиясының қызметін қаржыландыру тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің жергілікті бюджетінің қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

13. Тексеру комиссиясына кәсіпкерлік субъектілерімен Тексеру комиссиясының функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәніне шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен Тексеру комиссиясына кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Тексеру комиссиясының миссиясы, негізгі міндеттері, функциялары, құқықтары мен міндеттері

14. Тексеру комиссиясының миссиясы Қарағанды облысының аумағында қаржы тәртібін нығайту және экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету мақсатында, жергілікті бюджет қаражатын, мемлекет және квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерін басқарудың және пайдаланудың тиімділігін арттыру болып табылады.

15. Тексеру комиссиясының негізгі міндеттері:

1) жергілікті бюджеттердің атқарылуына, мемлекет және квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің пайдаланылуына жергілікті деңгейде сыртқы мемлекеттік аудитті және қаржылық бақылауды жүзеге асыру;

2) Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасы, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы және жергілікті бюджеттердің атқарылуы, бюджет қаражатының, мемлекет және квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің пайдаланылуы саласындағы Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері талаптарының сақталуын бақылау;

3) жергілікті бюджеттердің атқарылуын, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың даму жоспарларының және бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын талдау және бағалау.

16. Тексеру комиссиясының функциялары Қарағанды облысының шегінде:

1) мыналардың:

өзінің мазмұны бойынша жергілікті атқарушы органның тиісті есебіне қорытынды болып табылатын есепті қаржы жылы үшін жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есеп дайындаі отырып, Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес жергілікті бюджетті жоспарлаудың және атқарудың;

байланысты гранттарды, бюджеттік инвестицияларды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекет кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды және мемлекет активтерін пайдаланудың;

жергілікті атқарушы орган мен квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің экономиканың немесе экономиканың жеке алғандағы саласының, әлеуметтік және басқа да мемлекеттік басқару салаларының дамуына әсерінің;

тиісті бюджетті атқару және мемлекет активтерін пайдалану бөлігінде, ал Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмалары бойынша өзге де бағыттар бойынша Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесі құжаттарының іске асырылуының;

жергілікті атқарушы орган мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жоспарлау негізділігінің, олардың іске асырылуының және жүзеге асырулу тиімділігінің;

тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер сатып алуға бөлінген (жұмсалған) жергілікті қаржы ресурстарының мөлшері мен сатып алынған тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің нарықтық құны арасындағы айырманы бағалауды қоса алғанда, баға белгілеудің;

квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін басқарудың;

салықтық әкімшілендірудің;

шарттардың;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы;

ақпараттық технологиялар саласындағы;

мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділік аудитін жүзеге асырады;

2) мыналарға:

мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығына және дұрыстығына;

жергілікті атқарушы органның және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шарт талаптарын орындауына;

жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің, бюджетке түсетін түсімдерді алудың толықтығы мен уақтылылығына, сондай-ақ жергілікті бюджеттен қате (артық) төленген соманы қайтаруға, есепке жазудың дұрыстығына;

жергілікті бюджет қаражатын, оның ішінде жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке нысаналы трансферттер және кредиттер түрінде бөлінген қаражатты, байланысты гранттарды, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыздарды, сондай-ақ мемлекеттік кепілгерлігімен тартылатын қарыздарды пайдалануға;

квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаржы-экономикалық негізdemеге сәйкес, өздеріне бөлінген жергілікті бюджет қаражатын пайдалануына сәйкестік аудитін жүзеге асырады;

3) жергілікті бюджеттің шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің және мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілігіне аудит жүргізеді.

17. Тексеру комиссиясының құқықтары:

1) облыстың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдынан, мемлекеттік органдардан, жеке және заңды тұлғалардан құпиялылық режимінің, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, ведомстволық ақпараттық жүйелер деректерінің құрамы мен форматтары туралы мәліметтерді, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін қалыптастыру және мемлекеттік аудитті жүзеге асыру, бюджеттің атқарылуы туралы есептерді дайындау үшін қажетті құжаттаманы (ақпаратты) сұратады және алады;

2) барлық мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және лауазымды адамдардың орындауы үшін міндетті, анықталған бұзушылықтарды жою және оларға жол берген лауазымды адамдардың жауаптылығын қарау туралы нұсқама шығарады;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік және өзге де ақпараттық жүйелерге мемлекеттік аудит жүргізу үшін қажетті қолжетімділікті алады;

4) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қаулыда немесе нұсқамада белгіленген мерзімдерде ұсынымдар мен нұсқамалардың орындалуы туралы растайтын құжаттары қоса берілген ақпаратын алады;

5) сыртқы мемлекеттік аудит жүргізумен байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік аудит объектілері лауазымды адамдарының тиісті ақпаратын тындайды;

6) мемлекеттік аудит қорытындылары бойынша лауазымды адамдарды тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы оларды тағайындаған адамдарға ұсыныстар енгізеді;

7) лауазымды адамдардың Қазақстан Республикасының нормативтік- құқықтық актілерін сақтамауының анықталған фактілері бойынша, сондай-ақ тиімділік аудитінің нәтижелері бойынша тиісті облыстың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәслихатына (бұдан әрі – мәслихат) ұсыныстар енгізеді;

8) аумағында өздері жұмыс істейтін облыстық бюджетке, сондай-ақ тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте құрылған аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттеріне қатысты сараптамалық-талдау қызметін жүзеге асырады;

9) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген құзыret шегінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуі қозғайды;

10) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды, олар бойынша хаттамалар жасайды және Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен әкімшілік жазалар қолданады;

11) Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасымен (бұдан әрі – Жоғары аудиторлық палата) және басқа мемлекеттік органдармен келісу бойынша бірлескен немесе қатар тексерулерді жүргізуге қатысады;

12) мемлекеттік аудитті жүргізу үшін мемлекеттік органдардың тиісті мамандарын (олардың келісімі бойынша), сондай-ақ қажет болған кезде аудиторлық ұйымдарды, сарапшыларды олар көрсететін қызметтеріне тиісті бюджеттен бөлінген қаражат шегінде ақы төлей отырып тартады;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

18. Тексеру комиссиясының міндеттері:

1) аудиторлық есептердің және (немесе) қаржылық есептілік жөніндегі аудиторлық есептердің негізінде аудиторлық қорытындыны бекітеді;

2) Тексеру комиссиясының қаулыларын қабылдайды;

3) аудиторлық іс-шара және сараптамалық-талдау іс-шаралары барысында анықталған (анықталатын) бұзушылықтар мен кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдайды;

4) мемлекеттік аудит объектісі лауазымды адамдарының әрекеттерінде қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық белгілері анықталған жағдайларда, материалдарды тиісті аудиторлық дәлелдемелерімен бірге құқық қорғау органдарына немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қозғауға және (немесе) қарауға уәкілетті органдарға береді;

5) бюджетке өтеуді қамтамасыз ету, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар беру және (немесе) анықталған бұзушылықтар сомасын есепке алу бойынша көрсету жолымен қалпына келтіру және Тексеру комиссиясының нұсқамаларын орындау мақсатында сотқа талап қоюды береді;

6) ішкі аудит қызметтерінің құжаттарын қоспағанда, басқа мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жүргізген мемлекеттік аудит нәтижелерін, егер оларды Қазақстан Республикасының азаматтық-процестік заңнамасына сәйкес сот заңсыз деп танымаса, оларды таниды;

7) мемлекеттік аудит нәтижелері танылған жағдайларда басқа мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары жүргізген мемлекеттік аудит материалдарын негізге ала отырып, мемлекеттік аудит көлемін қысқартады;

8) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі уәкілетті органда аудиторлық іс-шаралар мен тексерулерді тіркеуді жүзеге асырады;

9) мемлекеттік аудитті және сараптамалық-талдау іс-шараларын жүргізу ді тиімді жоспарлау мақсатында, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау материалдарын, есептілікті Тексеру комиссиясының ведомстволық ақпараттық жүйелері мен Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жөніндегі бірыңғай дерекқорға орналастырады, сондай-ақ мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбелері бекітілгенге дейін олар туралы ақпарат алмасуды келісілген мерзімдерде жүзеге асырады;

10) тексерулердің қайталануын болғызыбау мақсатында мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбелерін және оларға өзгерістерді келіседі;

11) мемлекеттік органдар мен ұйымдардың басшыларына оларда белгіленген мерзімдерде немесе, егер мерзімі көрсетілмеген болса, оларды алған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қарау және орындау үшін қаулылар мен нұсқамалар жібереді;

12) өздері аудиторлық қорытындыда берген ұсынымдардың және міндетті түрде орындалуға бағытталған нұсқамалардың мониторингін жүйелі негізде жүзеге асырады;

13) жүргізілеттін аудиторлық іс-шаралардың қорытындыларын жүйелі түрде талдайды, бюджеттің атқарылуы, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің активтерін пайдалану процесінде анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің себептері мен салдарларын жинақтап қорытады және зерделейді, сондай-ақ бюджет заңнамасын жетілдіру және Қазақстан Республикасының қаржы жүйесін дамыту жөнінде ұсыныстар әзірлейді және оларды тиісті уәкілетті органдардың қарауына ұсынады;

14) Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары үйлестіру кеңесінің шешімдерін орындауды және Жоғары аудиторлық палатаға тиісті ақпарат ұсынуды қамтамасыз етеді;

15) Жоғары аудиторлық палатаның сұрау салулары бойынша жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы ақпарат ұсынады;

16) құпиялылық режимінің, қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, бұқаралық ақпарат құралдарында өз қызметі туралы ақпаратты орналастырады;

17) өз құзыretі шегінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар бойынша шаралар қолдануды қамтамасыз етеді.

3. Тексеру комиссиясының қызметін үйімдастыру және оның лауазымды адамдарының өкілеттіктері

19. Тексеру комиссиясы басшылығының құрамы бес жыл мерзімге тағайындалатын Төрағадан және төрт мүшеден тұрады.

20. Мәслихат Жоғары аудиторлық палатаның ұсынысы және Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігімен келісу бойынша Тексеру комиссиясының Төрағасын қызметке тағайындейды және қызметінен босатады.

21. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасына сәйкес мәслихат Тексеру комиссиясының мүшелерін қызметке тағайындейды және қызметінен босатады.

22. Тексеру комиссиясы Төрағасының өкілеттіктері:

1) жалпы басшылықты жүзеге асырады және Тексеру комиссиясына жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады;

2) Тексеру комиссиясының регламентін бекітеді;

3) Тексеру комиссиясы мүшелері мен Тексеру комиссиясы аппаратының жұмысын үйімдастырады;

4) Қазақстан Республикасының өзге де мемлекеттік органдарында, үйімдарында және Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде Тексеру комиссиясының атынан өкілдік етеді;

5) бекітілген штат саны және облыстық бюджетте көзделген қаражат шегінде Тексеру комиссиясы аппаратының құрылымы мен штат кестесін бекітеді;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Тексеру комиссиясы аппаратының басшысын және қызметкерлерін қызметке тағайындейды және қызметінен босатады;

7) мемлекеттік қызмет туралы заңнамада белгіленген тәртіппен Тексеру комиссиясының қызметкерлерін көтермелейді және оларға тәртіптік жаза қолданады;

8) өз құзыretі шегінде бұйрықтар шығарады, нұсқаулар береді, олардың орындалуын тексереді, Тексеру комиссиясының отырыстарында қабылданған қаулыларға және нұсқамаларға қол қояды;

9) мемлекеттік аудитті тәуекелдерді басқару жүйесінің негізінде үйімдастыруды көздейтін, мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесін бекітеді;

10) Тексеру комиссиясының мүшелеріне мемлекеттік аудитті және (немесе) ұстеме, бірлескен және қатар тексерулерді жүргізуге тапсырмалар береді;

11) Тексеру комиссиясының құзыреті шегінде аудиторлық іс-шараларды жүргізуге қатысатын Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудиторларының құрамын айқындайды;

12) Тексеру комиссиясының аудиторлық, сараптамалық-талдау қызметіне мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау стандартының сақталуы мәніне, соның ішінде мемлекеттік аудит объектісінде бола отырып сапаны бақылау жүргізудің қажеттілігін айқындайды;

13) жергілікті бюджеттің атқарылуына және мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің пайдаланылуынан мемлекеттік аудит мәселелеріне қатысты құжаттамамен құпиялыштық режимінің, коммерциялыш және заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, кедергісіз танысады;

14) мемлекеттік аудит объектілерінен аудиторлық іс-шараларды жүргізуге байланысты мәселелер бойынша қажетті анықтамаларды, ауызша және жазбаша түсініктемелерді талап етеді және өзі белгілеген мерзімде алады;

15) Тексеру комиссиясының мүшелерін қызметке тағайындаған, сондай-ақ оларды қызметінен босатқан кезде олардың кандидатуралары бойынша ұсынысты тиісті мәслихаттың қарауына енгізеді;

16) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің мәслихатына аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің атқарылуы туралы жылдық есепті ұсыну жөніндегі міндетті облыстың Тексеру комиссиясы мүшелерінің біріне жүктейді;

17) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің облыс және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің отырыстарына қатысуға құқылы;

18) Тексеру комиссиясы Төрағасының жаңынан консультативтік-кеңесші және консультативтік-сараптамалық органдар құрады;

19) өзі болмаған жағдайда, Тексеру комиссиясы Төрағасының міндетін қолданыстағы заңнамаға сәйкес, Тексеру комиссиясы мүшелерінің біріне жүктейді;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

23. Тексеру комиссиясы мүшелерінің өкілеттіктері:

1) Тексеру комиссиясының аудиторлық, сараптамалық-талдау, ақпараттық және өзге де қызметін үйымдастырады және жүзеге асырады;

2) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады, тексерілетін мемлекеттік аудит объектілерінің жұмыс істеуіне кедергі келтірмейді және олардың ағымдағы шаруашылық қызметіне араласпайды;

3) жергілікті бюджеттердің атқарылуына, мемлекет пен квазимемлекеттік сектор субъектілері активтерінің пайдаланылуына мемлекеттік аудитті жоспарлау және жүргізу мәселелеріне қатысты құжаттамаға құпиялыштық режимінің, коммерциялыш

және заңмен қорғалатын өзге де құпияның сақталуын ескере отырып, кедергісіз қол жеткізе алады;

4) мемлекеттік аудитті жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша қажетті анықтамаларды, ауызша және жазбаша түсініктемелерді мемлекеттік аудит объектілерінен талап етеді және өздері белгілеген мерзімдерде алады;

5) өздері басқаратын (жетекшілік ететін) қызмет бағыттарының мәселелері бойынша өз құзыреті шегінде өз бетінше шешім қабылдайды;

6) өз құзыреті шегінде мемлекеттік аудитті тиімді ұйымдастыру үшін қажетті ресурстардың көлемін айқындаі отырып, мемлекеттік аудиттің бағдарламаларын бекітеді, аудиторлық қызметті ұйымдастыру бойынша міндеттердің бөлінуіне сәйкес, нұсқамаларға қол қояды;

7) мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған бекітілген тізбесіне сәйкес Тексеру комиссиясы аппаратының қызметкерлеріне мемлекеттік аудит жүргізуге тапсырмалар береді;

8) тиісті әкімшілік-аумақтың бірліктің облысжәне аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігінің отырыстарына қатысуға құқылы;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

24. Тексеру комиссиясының Төрағасына және мүшелеріне облыс мәслихатының төрағасы қол қоятын куәліктер беріледі.

25. Тексеру комиссиясы облыстың мәслихатына Тексеру комиссиясы Төрағасының және мүшелерінің өкілеттік мерзімінің алдағы аяқталатын мерзімі туралы күнтізбелік отыз күн бұрын хабарлайды.

26. Тексеру комиссиясының Төрағасы және мүшелері:

1) мәслихаттың қызметтен босату туралы шешім қабылдауы;

2) оларға қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енуі;

3) белгіленген тәртіппен әрекет қабілеті шектеулі немесе әрекетке қабілетсіз деп танылуы;

4) анттарын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін және осы Ережені бұзыу, өздерінің мэртебесімен сыйыспайтын теріс қылық жасауы, лауазымдық міндеттерін сақтамауы;

5) қайтыс болуы себепті, сондай-ақ хабарсыз кеткен деп танылған не қайтыс болды деп жариялан жағдайда;

6) Қазақстан Республикасы азаматтығының тоқтатылуы;

7) Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге тұрақты тұруғакетуі;

8) басқа лауазымға тағайындалуы себепті қызметінен мерзімінен бұрын босатылады

27. Тексеру комиссиясы Төрағасы мен мүшесінің өкілеттігі қызметінен босату туралы өтініш беру түрінде мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, Тексеру

комиссиясының Төрағасы мен мүшесіңизметінен босату туралы тиісті өтініш берілгенге дейінкемінде бір ай бұрын мәслихатты жазбаша хабардар етеді.

28. Тексеру комиссиясының аудиторлық іс-шараны жүргізу, сондай-ақ ақпараттық-талдамалық, құқықтық, консультативтік, ұйымдастырушылық және өзге де қызметтің Тексеру комиссиясының аппараты қамтамасыз етеді. Тексеру комиссиясының аппараты мемлекеттік әкімшілік қызметшілер болып табылатын лауазымды адамдардан тұрады, оны Тексеру комиссиясының Төрағасы тағайындастын аппарат басшысы басқарады.

29. Аппарат қызметкерлерінің құқықтары, міндеттері мен жауаптылығы, сондай-ақ олардың мемлекеттік қызметті өткери жағдайлары мемлекеттік қызмет туралы заңнамамен, еңбек заңнамасымен, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы заңнамамен және осы Ережемен айқындалады.

30. Тексеру комиссиясы аппаратының қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы "Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы" Заңының 39 бабына сәйкес жүзеге асырылады.

31. Тексеру комиссиясының қызметі Тексеру комиссиясының Төрағасы бекітетін мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмаларын, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің тапсырмаларына негізделген Жоғары аудиторлық палатаның сұрау салуларын, тиісті мәслихаттардың шешімдерін және Тексеру комиссиясы Төрағасының бастамасын қоспағанда, Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесіне өзгерістер енгізуге жол берілмейді.

32. Тексеру комиссиясы өзінің қызметін жүзеге асыру кезінде мемлекеттік аудит объектісінен тәуелсіз болады. Тексеру комиссиясының тәуелсіздігі:

1) Тексеру комиссиясының қызметіне мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың заңсыз араласуына жол бермеумен;

2) мемлекеттік органдардың сұрау салулары бойынша мемлекеттік аудит объектілерінің тиісті жылға арналған тізбесінде көзделмеген тексерулерді жүргізуге Тексеру комиссиясының мемлекеттік аудиторлары мен өзге де лауазымды адамдарын тартуға жол бермеу жолымен қамтамасыз етіледі.

33. Тексеру комиссиясының жергілікті бюджет қаражатын пайдалануын мемлекеттік бақылау және қадағалау облыстық мәслихаттың келісімі немесе тапсырмасы бойынша жүргізіледі.

34. Тексеру комиссиясының шешімдер қабылдауы отырыста алқалы турде жүзеге асырылады.

35. Тексеру комиссиясының отырысында мемлекеттік аудиттің қорытындылары, жоспарлау, әдіснама мәселелері, алқалы шешімді талап ететін өзге де мәселелер қаралады.

36. Тексерукомиссиясының отырыстары ашық немесе жабық түрде өтеді. Тексерукомиссиясының шешімдері Тексеру комиссиясының отырысқа қатысуышы құрамының жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағалық етуші дауыс берген шешім қабылданған болып есептеледі.

37. Тексеру комиссиясының отырыстарын жүргізудің тәртібі, жұмысты ұйымдастыру мәселелері және басқа да мәселелер Тексеру комиссиясының регламентімен айқындалады.

38. Жоғары аудиторлық палата бекітетін Тексеру комиссиясының мәслихаттарға жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есепті ұсынуы бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартында айқындалған нысан мен құрылымға сәйкес, Тексеру комиссиясы жыл сайын есепті қаржы жылды үшін жергілікті бюджеттің атқарылуы туралы есепті жасайды және мәслихаттардың қарауына ұсынады

39. Жоғары аудиторлық палата бекітетін Тексеру комиссиясының Жоғары аудиторлық палатаға ақпарат ұсынуы бойынша сыртқы мемлекеттік аудиттің және қаржылық бақылаудың рәсімдік стандартында айқындалатын нысан мен құрылымға сәйкес, Тексеру комиссиясы тоқсан сайын есепті кезең үшін Жоғары аудиторлық палатаға өз жұмысы туралы ақпарат ұсынып отырады.

4. Тексеру комиссиясының мүлкі

40. Тексеру комиссиясының Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

41. Тексеру комиссиясының мүлкі оған меншік иесі берген мүліктің, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздердің есебінен қалыптасады.

42. Тексеру комиссиясына бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

43. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Тексеру комиссиясы өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иелігінен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқылы емес.

44. Тексеру комиссиясының Төрағасын, мүшелерін және аппарат қызметкерлерін материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз ету, сондай-ақ оларға көліктік қызмет көрсету Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

5. Тексеру комиссиясын қайта ұйымдастыру және тарату

45. Тексеру комиссиясын қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК